

2004 жылғы көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыруға жергілікті атқарушы органдарға кредит берудің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 15 қаңтардағы N 38 қаулысы

"2004 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 5 желтоқсандағы Заңын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған 2004 жылғы көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыруға жергілікті атқарушы органдарға кредит беру ережесі (бұдан әрі - Ереже) бекітілсін.

2. Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан облыстарының әкімдері (бұдан әрі - облыс әкімдері):

1) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне, 2004 жылға арналған облыстық бюджеттерде осы қаулының 3-тармағына сәйкес алынған кредиттер бойынша түсімді және өтеуді көздейтін тиісті мәслихаттардың шешімдерін, сондай-ақ жанармай-жағармай материалдарын, тұқымдар, тыңайтқыштар, гербицидтер, тұқымды улағыштар, ауыл шаруашылығы машиналары үшін қосалқы бөлшектер сатып алуға, ауыл шаруашылығы техникасын жалдауға және сатып алуға ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге кредит беру жөніндегі бюджеттік бағдарламаларды тапсырсын;

2) жанармай-жағармай материалдарын, тұқымдар, тыңайтқыштар, гербицидтер, тұқымды улағыштар, ауыл шаруашылығы машиналары үшін қосалқы бөлшектер сатып алуға, ауыл шаруашылығы техникасын жалдауға және сатып алуға ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге кредит беру тетігін көздейтін ішкі ережені әзірлесін және бекітсін.

3. Осы қаулының 2-тармағын орындаған жағдайда Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі облыстар әкімдеріне көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыруға бұл мақсаттарға 2004 жылға арналған республикалық бюджетте Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне көзделген қаражаттан осы қаулымен бекітілген Ережеде белгіленген шарттармен 5500000000 (бес миллиард бес жүз миллион) теңге сомасында кредиттер бөлсін, оның ішінде мына ә к і м д е р г е :

Ақмола	облысының	-	1000000000	теңге;
Ақтөбе	облысының	-	300000000	теңге;
Алматы	облысының	-	400000000	теңге;

Шығыс Қазақстан облысының - 300000000 теңге;
Жамбыл облысының - 250000000 теңге;
Батыс Қазақстан облысының - 250000000 теңге;
Қарағанды облысының - 270000000 теңге;
Қостанай облысының - 1000000000 теңге;
Қызылорда облысының - 160000000 теңге;
Павлодар облысының - 300000000 теңге;
Солтүстік Қазақстан облысының - 1000000000 теңге;

Оңтүстік Қазақстан облысының - 270000000 теңге.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі А.С. Есімовке жүктелсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4

ж ы л ғ ы

1 5

қ а ң т а р д а ғ ы

№

3 8

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

2004 жылғы көктемгі егіс және жинау жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыруға жергілікті атқарушы органдарға кредит беру ережесі

1. Осы Ереже "2004 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 5 желтоқсандағы Заңымен көзделген 212 "Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі" әкімшісінің 007 "Көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыруға жергілікті бюджеттерге кредит беру" бюджеттік бағдарламасы бойынша 5500000000 (бес миллиард бес жүз миллион) теңге сомасында кредиттер (бұдан әрі - Кредиттер) беру тәртібін анықтайды.

2. Жанармай-жағармай материалдарын (кредит ресурстарының кемінде 80 %), тұқымдар, тыңайтқыштар, гербицидтер, тұқымды улағыштар, ауыл шаруашылығы машиналары үшін қосалқы бөлшектер сатып алуға, ауыл шаруашылығы техникасын жалдауға немесе сатып алуға Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің тәжірибе кәсіпорындарына (тәжірибе шаруашылықтары, тәжірибе станциялары) Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі мен Азия Даму Банкі қарыздарының қаражаты есебінен суландыру және дренаж жүйелерін қалпына

келтіруді жүргізетін шаруашылықтарға, өзге де ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге (бұдан әрі - ауылшартауарөндірушілер) кейіннен кредит беру үшін кредиттер 5500000000 (бес миллиард бес жүз миллион) теңге сомасында сыйақының нөлдік ставкасы бойынша 2004 жылғы 1 желтоқсанға дейінгі мерзімге қайтарымдылық, мерзімділік шарттарымен облыстық бюджеттерге бөлінеді.

3. Тиісті облыстардың әкімдері:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті шешімімен құрылатын ведомствоаралық комиссиямен жанармай-жағармай материалдарын сатып алу мәселелерін келісуді;

ауылшартауарөндірушілердің барлық нысандары үшін бюджеттік кредит беруге байланысты қол жетімділікті тепе-теңдікті және басқа да мәселелерді бақылау үшін ведомствоаралық комиссияның құрылуын;

бөлінген Кредиттердің мақсатты пайдаланылуы мен олардың республикалық бюджетке уақтылы қайтарылуын қамтамасыз етеді.

4. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі облыс әкімдермен тиісті Кредиттік келісімдер (бұдан әрі - Кредиттік келісімдер) жасасады.

5. 007 "Көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыруға жергілікті бюджеттерге кредит беру" бюджеттік бағдарлама есебінен облыстық бюджеттерге қаражат аударуды осы бюджеттік бағдарламаның әкімшісі болып табылатын Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі көрсетілген қаражатты тиісті облыстардың облыстық бюджеттеріне бюджет кірістері жіктемесінің 601601 "Республикалық бюджеттен берілетін кредиттер" кодына есептей отырып жүзеге асырады.

6. Облыс әкімдері жергілікті бюджетті қалыптастырған кезде шығыстар бөлігінде "Көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыруға ауылшартауарөндірушілерге кредит беру" бағдарламасы бойынша шығыстарды көздейді.

7. Кредиттік келісімдер бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етудің тәсілі ретінде облыс әкімдері Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне 2004 жылдың ішінде секвестрленбейтін тиісті жергілікті бағдарламаларды айқындай отырып, 2004 жылға арналған облыстық бюджеттерде Кредиттер бойынша түсім мен өтеуді көздейтін тиісті мәслихаттардың шешімдерін, сондай-ақ жанармай-жағармай материалдарын, тұқымдар, тыңайтқыштар, гербицидтер, тұқымды улағыштар, ауыл шаруашылығы машиналары үшін қосалқы бөлшектер сатып алуға, ауыл шаруашылығы техникасын жалдауға және сатып алуға ауылшартауарөндірушілерге кредит беру жөніндегі бюджеттік бағдарламаларды ұсынады.

8. Кредиттердің мақсатты пайдаланылуын бақылауды Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жүзеге асырады.

9. Кредиттердің республикалық бюджетке уақтылы қайтарылуын бақылауды Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жүзеге асырады.

10. Кредиттерді республикалық бюджетке қайтаруды облыс әкімдері белгіленген мерзімде жүргізеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК